



БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

«МИРАС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ

Бағалау деген не? Бағалау – оқушының білім сапасын тексеру. Оқушының білімді игеруі қандай деңгейде екенін тексеріп қана қоймай, оны қалай жақсартуға болатынын анықтап, жоспарлап оқушыны соған ынталандыру. Ал, формативті бағалау дегенге келетін болсақ, «оқыту үшін бағалау» яғни оқушы оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екенін анықтау үшін қолданылатын бағалау. Формативті бағалаудың дәстүрлі бағалаудан ерекшелігі – оқушының әрі қарай дамуы үшін не істеу керектігіне көңіл аудару. Формативті бағалау күнделікті оқу үрдісінде оқушылардың ағымдағы білім деңгейлерін анықтау үшін және мұғалім мен оқушы арасында өзара байланысты орнату үшін қолданылады. Бағалау күнделікті оқу үрдісі кезінде жүргізіледі, оқушыға өз жұмыстарын өңдеуге және жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі, мұғалімге оқушының материалды меңгергені туралы ақпарат жинақтауға, талдауға және жоспарлауға мүмкіндік береді.



Формативті бағалауды көбінесе «оқушының дүниені тануын бағалау және білім беруді жақсарту үшін бағалау» деп атайды, себебі, ол оқушының жеке басының дамуы мен қалыптасуына көмектеседі. Бұл бағалау жүйесі мұғалімнің әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді, оқушының материалды меңгермегендігін басынанақ байқауына, оқушы білімін диагностикалауына көмектесіп, мұғалімге оқу үрдісін басқаша ұйымдастыруға себін тигізеді, ал оқушыға өзінің білім алуына деген үлкен жауапкершілікті сезінуді жүктейді. Формативті бағалау басқа бағалау әдістерімен салыстырғанда оқушыға материалды тереңірек түсінуіне көмектеседі, сонымен қатар сол материалды сараптап, өмірде қалай қолдануға болатындығы туралы ойландырады. Формативті бағалау жиынтық

бағалаумен салыстырғанда оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты қамтамасыз етеді. Ол оқушының білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді.

Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім қадағалайды. Осылайша бала мақсат қоя біледі, күтілетін нәтижені жоспарлай алады, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстыңқай түрі болмасын,нені жақсы орындағанын белгілеп отырады,қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар береді. Формативті бағалаудың маңызды компоненттерінің тағы бір түрі – өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Мұғалім ғана бағаламайды,

оқушылар өздерін, өз сыныптастарын бағалайды.

Өзін-өзі бағалау кезінде төмендегідей талаптар қоюға болады:

- 1) Тапсырманы орындауданені жасау қажет?
- 2) Тапсырманың барлығындұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме?
- 3) Оқушы тапсырманы толығымен жеке орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме?
- 4) Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды?

Оқушылардың жұмыстарын формативті бағалауда қандай болуы

керектігін және қандай талаптарға сай бағалау керектігі алдын ала дайындалады. Ол үшін арнайы ұстаным (критерий) жасалады.

Бағалау ұстанымы дегеніміз талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі. Әр ұстанымның дискрипторлары болады, онда тапсырманың орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі.

«Мирас» мектебі халықаралық деңгейде ІВ бағдарламасы мен қазақстандық стандартты байланыстыра отырып жұмыс істейді. Сондықтан бағалау ұстанымдарын әр пәннің ерекшеліктерін ескере отырып жасайды. Мысалы, қазақ тілі (ана тілі ретінде) пәні бойынша оқушылардың жалпы жетістіктерін бағалау төмендегі ұстанымдар арқылы жүргізіледі:

Әр ұстаным бойынша деңгейлерге бөлінеді де, деңгейлер бойынша дискрипторлар беріледі. Дискрипторлар білім алушының алған біліміне қойылатын талаптар болып табылады. Мектебімізде жетістік деңгейлері 1-8 дейінгі аралықта бағаланады. Жетістік деңгейлері дискриптор деңгейлерінің талаптарына сәйкес қойылады.

Мысалы: 1-2 оқушының берілген шағын ақпаратты, негізгі ойды анықтай алуы шектеулі мөлшерде болған жағдайда қойылатын болса, 3-4 оқушының берілген ақпаратты, негізгі ойды талапқа жуық орындауына, 5-6 оқушының ақпаратты, негізгі ойды талапқа сай орындауына, 7-8 оқушының ақпаратты, негізгі ойды нақты анықтай алуына және терең түсінуіне байланысты қойылады.

Сабақтарымызда қалыптастырушы бағалауды әртүрлі белсенді әдістер арқылы қолданып отырамыз. Өткен сабақты түсінгендерін тексеру мақсатында «Бір минутта он сұрақ» тәсілін қолдануға болады. Алдын ала дайындап әкелген сұрақтарды оқушыларға таратып, бір қарап шыққаннан кейін сұрақтар қойылады, оқушылар бір минутта он сұраққа жауап беруге тырысады. Бұл тәсілді кейде оқушылардың өздеріне

№	Ұстанымдар	Ұстаным атауы
1	A	Шығарманы талдау
2	B	Жұмысты ұйымдастыру
3	C	Мәтін құру
4	D	Тілді қолдану

Ұстанымдар бойынша бағаланатын жұмыс түрлері

№	Бағаланатын ұстаным	Жұмыс түрлері
1	B, C, D	Шығармашылық жұмыс
2	A, B, C, D	Шығарма
3	B, D	Мазмұндама
4	B, C, D	Сахналық қойылым
5	B, C, D	Презентация
6	A, B, D	Өлең талдау
7	B, C, D	Публицистика

Қазақ тілі (оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде) пәні бойынша оқушылардың жалпы жетістіктерін бағалау ұстанымдары

№	Ұстанымдар	Ұстаным атауы
1	A	Ауызша және визуальді мәтінді түсіну және оны ауызша жеткізе білу
2	B	Жазбаша және визуальді мәтінді көреді, түсініп оқиды және түсіндіре алу
3	C	Ауызша, жазбаша және визуальді мәтінге түсініктеме беру
4	D	Тілді ауызша және жазбаша түрде қолдану
5	C/D	Ауызша, жазбаша және визуальді мәтінге түсініктеме беру. Тілді ауызша және жазбаша түрде қолдану

Ұстаным бойынша бағаланатын жұмыс түрлері

№	Ұстаным	Жұмыс түрлері
1	A	Видео материалдар көріп, сұрақтарға жауап береді
2	B	Суреті бар мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. (суреттер, БАҚ материалдары)
3	C	Грамматикалық тапсырмалар
4	D	Сөйлемдерді дұрыс құрастыру, дұрыс сөйлеу
5	C/D	Эссе, шығарма, ауызша интервью, презентация



Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытатын әдістердің бірі «ПОПС формуласы». Оқушылар берілген мәтіннің мазмұнын қайталап жатпайды. Ол туралы пікір айтылады, пікірді дәлелдейді, оған мысалдар келтіреді, қорытындылайды. Әр бөлімге қанша сөйлемнен айту керек екенін мұғалім өзі шешеді немесе оқушылармен келісіп алынады.

«Сөйлемдерді аяқта» әдісін қолдану да өте тиімді. Мұғалім тақырып бойынша аяқталмаған сөйлемдер жазып, оқушыларға таратады. Тақырып бойынша сөйлемдер толықтырылады.

Оқушының дұрыс қалыптасуындағы шешуші рөлді бағалау атқарады.

Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Формативті бағалау үнемі жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау-білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек.

Формативті бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Г. А. САДВАКАСОВА,
Алматы қаласы «Мирас»
халықаралық мектебінің қазақ тілі
мен әдебиет пәні мұғалімі

АННОТАЦИЯ ○

В данной статье рассмотрены особенности формативного оценивания на уроках казахского языка. Автор рассказывает об актуальности данного вида оценивания в соответствии с новыми требованиями Государственного общеобразовательного стандарта образования обновленного содержания.

сұрақтар құрастырып, бір-біріне қойғызуға болады. Бұл оқушылардың жаңа тақырып өткен кезде мұқият тыңдауларын және білімді дұрыс қабылдауларына септігін тигізеді.

«Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі. Бұл әдіс өткен тақырыпты қорытындылау барысында қолданылады. Оқушылар екі шеңбер құрып, бір-біріне қарап тұрады да, өткен тақырып бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Сұрақтардың саны алдын ала белгіленеді. Шеңбер жылжып, сұрақтар ауысып отырады.

«Бір минуттық эссе» Оқушылар сабақта не білгенін, түсінгенін жазады. Мұғалім алдын ала сұрақтар

дайындап қоюға болады. Бұл әдісті жаңа сабақ өтілгеннен кейін немесе сабақты бекіту барысында қолдануға болады. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы туралы 9 «С» сынып оқушыларының жазған «Бір минуттық эссесіне» көңіл аударайық:

Студенттер бір минуттың ішінде романның мазмұнынан не түсінді, оған роман қандай ой салды, соны үш сөйлеммен түйіндеп отыр. Бұл әдістің маңыздылығыда осында. Романда не туралы айтылған? Одан не түйдім? деген сұрақтарды қамтиды. Бұл алда жасалатын үлкен жұмыстың (шығарма, эссе) бастамасы ғана.

